



**«Алтын Самұрық» бөбекжай –балабақшасы»  
«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ҚҰҚЫҚТЫҚ  
САУАТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»**

**Тәрбиеші: Ұ.Кенжеева**

Қазіргі таңда қоғамның даму деңгейі азаматтардың құқықтық мәдениетімен, заңға деген құрметімен және құқықтық сауаттылығымен тікелей байланысты. Осы тұрғыда бала тәрбиесінде құқықтық тәрбиенің орны ерекше. Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың тұлғалық дамуының негізі қаланатын, әлеуметтік мінез-құлық нормалары қалыптасатын маңызды кезең. Дәл осы жаста баланың «мен» ұғымы, өзіне және өзгеге деген қарым-қатынасы, әділдік пен жауапкершілік туралы алғашқы түсініктері дамиды. Сондықтан құқықтық сауаттылықты қалыптастыруды ерте жастан бастау – болашақта саналы, мәдениетті, заңды сыйлайтын азамат тәрбиелеудің басты алғышарты.

Балабақша жағдайында құқықтық тәрбие беру – баланы заң баптарымен таныстыру емес, керісінше, оның күнделікті өмірінде кездесетін қарапайым жағдайлар арқылы құқық пен міндеттің мәнін түсіндіру болып табылады.

# Құқықтық сауаттылық ұғымының мәні

Мектеп жасына дейінгі балалардың құқықтық сауаттылығы – бұл: баланың өзін жеке тұлға ретінде сезінуі; өз құқықтары мен міндеттері туралы бастапқы түсініктерінің қалыптасуы; қоғамдық ортада қабылданған тәртіп ережелерін сақтау дағдылары; өзгенің құқығын сыйлау, әділ шешім қабылдай білуі.

Бұл кезеңде бала «құқық» сөзінің заңдық мағынасын толық түсінбеуі мүмкін, алайда: «менің атым бар»; «мен ойнауға, демалуға, білім алуға құқылымын»; «мен де басқалар сияқты ережені сақтауым керек» деген түсініктерді санасына сіңіреді. Құқықтық сауаттылық баланың мінез-құлқында, қарым-қатынасында, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауында көрініс табады.

# Мектеп жасына дейінгі балаларға құқықтық тәрбие берудің мақсаты мен міндеттері

## МАҚСАТЫ

### Мақсаты:

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, құқықтық мәдениет негіздерін қалыптастыру, қоғамда өзін еркін әрі жауапты ұстауға үйрету.

## МІНДЕТТЕРІ

**Мақсаты:** баланың жеке тұлға ретіндегі құндылығын түсіндіру;  
өз құқықтары мен міндеттері туралы қарапайым түсінік беру;  
қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтауға тәрбиелеу;  
әділдік, жауапкершілік, сыйластық қасиеттерін дамыту;  
өзгенің құқығына құрметпен қарауға үйрету; заңға бағыну мен тәртіп сақтаудың маңызын ұғындыру.

Мектепке дейінгі ұйымда құқықтық тәрбие келесі бағыттарды қамтиды:

өмір сүру және  
қауіпсіздік  
құқығы;

отбасында  
тәрбиелену  
құқығы;

білім алу  
және ойын  
ойнау  
құқығы;

**Баланың негізгі  
құқықтары  
туралы түсінік**

өз пікірін айту  
құқығы;

демалу және  
қорғауға ие  
болу құқығы.



**Бұл ұғымдар балаларға қарапайым, өмірмен байланысты мысалдар арқылы жеткізіледі.**

**балабақша  
ережелерін  
сақтау;**

**құрдастарымен  
тату ойнау;**

**үлкендерді  
сыйлау;**

**Баланың  
міндеттері**

**ойыншықтарды  
ұқыпты  
пайдалану;**

**өз іс-әрекетіне  
жауапкершілікпен  
қарау.**

## Ойын арқылы құқықтық тәрбие

- ❖ Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті.
- ❖ Сондықтан құқықтық тәрбие ойын арқылы тиімді жүзеге асырылады.

### Сюжеттік-рөлдік ойындар:

«Отбасы»  
«Балабақша»  
«Дәрігер»  
«Полиция»

### Бұл ойындар арқылы балалар:

ереже сақтауды;  
өз міндетін орындауды;  
өзгенің құқығын  
құрметтеуді үйренеді.

### Дидактикалық ойындар:

«Дұрыс – бұрыс»  
«Не істеуге болады,  
не болмайды?»  
«Ережені тап»

### Көркем әдебиет пен ертегілерде

Ертегілер – құқықтық тәрбиенің тиімді құралы.

Ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін талдау арқылы бала:

әділдік пен әділетсіздікті ажыратады;  
дұрыс және бұрыс әрекеттерді салыстырады;  
жауапкершілікке үйренеді.

Мысалы, ертегі кейіпкерінің ережені бұзуы қандай салдарға әкелгенін талқылау – баланың ойлау қабілетін дамытады.

### Әңгімелесу және жағдаяттық тапсырмалар

Тәрбиеші балалармен күнделікті өмірден алынған жағдаяттарды талқылайды:

«Досың сенің ойыншығыңды рұқсатсыз алды. Не істейсің?»

«Ережені бұзған балаға қалай көмектесуге болады?»

Мұндай тапсырмалар баланың:

өз пікірін айтуына;  
дұрыс шешім қабылдауына;  
жанжалсыз қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді.

## Режимдік сәттердегі құқықтық тәрбие

Құқықтық тәрбие тек ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ғана емес, күнделікті режимдік сәттерде де жүзеге асады:



**таңғы қабылдау;  
ас ішу кезіндегі тәртіп;  
серуен;  
кезешілік;  
ойыншықтарды жинау.**



**Осы сәттерде балалар ережені сақтауға, өз міндетін орындауға дағдыланады.**



## Ата-анамен бірлескен жұмыс

Баланың құқықтық тәрбиесі отбасымен тығыз байланыста жүргізілуі тиіс. Балабақша мен ата-ана талаптарының бірізділігі ғана оң нәтиже береді.

## Жұмыс түрлері:

ата-аналарға арналған кеңестер;  
құқықтық тақырыптағы жиналыстар;  
буклеттер мен жадынамалар;  
ата-анамен жеке әңгімелер.

## құқықтық мәдениет

Ата-ана баланың құқығын құрметтеп, өз үлгісі арқылы заңға бағынуды көрсеткенде ғана балада құқықтық мәдениет қалыптасады.

## Тәрбиешінің рөлі

Тәрбиеші – баланың құқықтық тәрбиесіндегі негізгі тұлға. Ол:  
әділ әрі талапшыл болуы;  
баланың пікірін тыңдай білуі;  
баланың жеке шекарасын сақтауы;  
әр баланың құқығын тең қорғауы тиіс.  
Тәрбиешінің әрбір әрекеті, сөзі – бала үшін үлгі.

## **Қорытынды**

**Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру – ұзақ мерзімді, жүйелі педагогикалық үдеріс. Құқықтық тәрбие баланың күнделікті өмірімен тығыз байланыста, ойын, қарым-қатынас, режимдік сәттер арқылы жүзеге асқанда ғана тиімді болады.**

**Бүгінгі балабақша тәрбиеленушісі – ертеңгі қоғам мүшесі. Сондықтан оның өз құқығы мен міндетін білуі, заңды құрметтеуі – болашақтың кепілі.**